

Филология диссертациялық кеңесінің 2020 жылғы жұмысы туралы ЕСЕБІ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесін беруге арналған диссертацияларды қорғау бойынша диссертациялық кеңес

мамандықтар бойынша (кадрларды даярлау бағыты)

6D020500 – Филология;

6D021400 – Әдебиеттану;

6D050400 – Журналистика;

6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті;

6D021000 – Шетел филологиясы

Есепте мынадай мәліметтер бар:

1. **Өткізілген мәжілістердің саны туралы деректер.** Есеп беру кезеңінде 16 отырыс өткізілді, оның 7 диссертацияны қорғауға арналды.

2. **Мәжілістердің жартысынан азына қатысқан диссертациялық Кеңес мүшелерінің тегі, аты, әкесінің аты (болған жағдайда).** Шетелдік ғалым проф. Барабаш Виктор Владимирович диссертациялық кеңестің журналистика бағыты бойынша қорғаған докторанттардың қорғауына ғана қатысты.

3. **2020 жылы диссертацияларын қорғаған докторанттардың тізімі** (мамандықтар тізімі хронологиялық тәртіппен 1 кестеде келтірілген)

Кесте 1

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Оқу орны
«6D050400 – Журналистика» мамандығы бойынша		
1	Алимжанова Айкерим Болатовна	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультеті
2	Каримова Бибигуль Жумашовна	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Журналистика факультеті
«6D021400 – Әдебиеттану» мамандығы бойынша		
3	Худайбергенов Нурбол Джумагалиевич	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
4	Абиханова Гулжанат Дауытбековна	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты
5	Ахметова Айнур Мырзагалиевна	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты

«6D020500 – Филология» мамандығы бойынша		
6	Сайбекова Назира Усенқызы	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология және әлем тілдері факультеті
«6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті» мамандығы		
7	Ху Явэй	әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Филология және әлем тілдері факультеті

4. Есепті жыл ағымында кеңесте қаралған диссертацияларға қысқаша талдау: қаралған жұмыстар тақырыптарына талдау; диссертациялар нәтижелерінің практикалық қызметке енгізу деңгейін талдау.

Алимжанова А.Б. Диссертация тақырыбы: «Мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологиялар: генезис, ерекшелік, эстетикалық қағидалар». Зерттеу жұмысында интернет журналистиканың дамуымен пайда болған мультимедиа ұғымының мәнін ашу, қалыптасу кезеңдерін анықтау, жаңа технологиялардың ерекшеліктері мен қызметін саралау арқылы бүгінгі медианың қызметі жүйеленді. Жаңа технологиялардың ақпарат таратудағы орны анықталды. Бүгінгі ақпараттық-танымдық сайттардың жай-күйіне сараптама жасалады. Жанрлық, пішіндік жағынан өзгерістер сарапталды. БАҚ-тың цифрлы форматқа көшуі – жаңалықтарды алу мен таратудың жаңа шарттарын қалыптастырды. Интербелсенді деректі берудің цифрлы тәсілі қалыптасты. Мұндай формат мультимедиалық контент арқылы ақпарат таратудың жаңа нысандары мен тәсілдерін жасап, хабар тарату мүмкіндігін кеңейтті. Экспериментальді формалар – видео, графика, визуалды құралдар пайда болды. Жаңа технологиялардың дамуы журналистердің жұмыс істеу жүйесін өзгертті.

Келесі жаңа нәтижелер алынды:

Біріншіден, мультимедиалы ақпараттық фактор журналистиканың нарықтық механизмдерін түрлендірді. Бәсекелестік түрлері өзгеріп, жаңа принциппен жұмыс жасайтын ақпараттық нарық қалыптасты. Халықаралық, ұлттық, аймақтық, жергілікті нарықтары қалыптасты. Осы орайда мультимедиалық журналистиканың теориялық және тәжірибелік ортасы қалыптасты.

Екіншіден, мультимедиалық журналистиканың негізгі секторы интернеттегі ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, олар білім мен ақпараттың жасалуын, жеткізілуін, пайдаланылуын талғамдық өңделуін қамтамасыз етеді. Мұның бәрі коммуникация және ақпарат арналары туралы дәстүрлі түсініктерді түбегейлі өзгертті. Түрлі БАҚ-тың жақындасуы, әртүрлі арналар үшін мазмұнды ортақ өнімдердің пайда болуы жаңа интеграцияланған жанрлар мен пішіндерді туындатты. Инфографика мен визуалды онлайн платформалар көмегімен соны сипаттағы контент жасау жолға қойылды.

Үшіншіден, мультимедиалық журналистика – жүрдек заман сұранысы. БАҚ-тың қазіргі индустриясы интернет коммуникация мен ақпараттық компьютерлік технологияларды интеграциялауға бет бұрып келеді. Нәтижесінде бәсекелес компьютерлік компаниялар, кабелді телестанциялар, спутниктік телевизия қызметі жаңа нарықтағы қауіпті төмендету үшін бірігеді, жаңа технологияларды меңгерген қоғамдық арналар пайда болады. Интернет радио, интернет телеарналар, жеке қоғамдық телестудиялардың пәрмені арта түспек. Мультимедиалық, желілік, бағдарламалық өнімдерді өндіру қызметтері де бір жүйеге біріктіріледі.

Төртіншіден, блогосфера қызметінің қоғамдық пікірді қалыптастыруда ықпалы жоғарлады. Тәуелсіз авторлардың платформалары қалыптасты. Лонгрид – ұзақ мәтіндерді визуалды құралдар көмегімен жеткізу және сторителлинг – тарихи сараптамалық материалды жазу форматтары қалыптасты. Ақпараттың жалған, растығын дәлелдеуге арналған мультимедиалық зерттеудің түрі – фактчекингтің өрісі кеңейеді.

Бесіншіден, мультимедиалық журналистикадағы жаңа технологияларды пайдалану барысында медиа және ақпараттық және цифрлық сауаттылықты арттыру журналистиканың өрісін кеңейтеді. Дамыған елдердің тәжірибесі көрсеткендей, қоғамды сауатты ақпараттардыру стратегиясының басқа елдерден ерекшелендіретін қадамы мемлекеттің жас ұрпаққа ғана емес, халықтың барлық топтарына бағдарлануы болды. Демек, үлкен дерек қорлары мен ашық ақпарат базалары және виртуалды шындық әлеміндегі технологиялар журналистиканың жаңа бағытта дамуына жол ашты.

Каримова Б.Ж. Диссертация тақырыбы: «Ақпараттық кеңістіктегі экологиялық мәдениет қалыптастыру жолдары: шетелдік тәжірибе және ұлттық үлгі».

Қазіргі әлемде мәдениаралық өзара қатынас әртүрлі салада: мемлекетаралық қатынастарда, кәсіпкерлік, ғылыми және білім беру қызметінде, тұлғааралық тілдесу деңгейінде жүзеге асырылады. Сондықтан мәдениаралық өзара әрекет етудің түрлі аспектілері – діниаралық диалог, жаһандану кезеңінде мәдениеттердің ұқсастығы, мәдениеттің мақсаты ретінде диалогтың орны, мәдениаралық диалогтың стратегиялары және т.б. түрлі ғылым салаларының зерттеу нысаны болып тұр. Мәдениаралық қатысым әлем халықтарының көптеген бірегей мәдениеттерінен тұратын әлемдік өркениеттің тұтастығы мен бірлігін аша түседі. Қазіргі уақытта мәдениаралық қатысымның мәселелері пәнаралық деңгейде, мәдениеттану, әлеуметтану, психология және т.б. сынды түрлі әлеуметтік-гуманитарлық ғылымдар аясында қолға алынған. Сонымен бірге, әлі күнге дейін мәдениаралық қатысымның лингвистикалық аспектілері қазақ тіл білімінде арнайы зерттеу нысаны болған емес. Әртүрлі мәдениет өкілдерінің қарым-қатынасқа түсушілері өзге тілдік нұсқаларды және дискурсивтік стратегияны пайдаланады.

Келесі жаңа нәтижелер алынды:

- мәдени ұғымға негізделген тілдік бірліктер арқылы әлем бейнесін айқындау және оны мәдениаралық салыстыру мақсатында таңбаланған ұлттық тілдік құбылыстарды кросс-мәдени тұрғысынан зерттеу ұсынылады;

- жаһандық өркениет жағдайында мәдениаралық қатысымды зерттеуде қазіргі заманғы лингвистикадағы антропоэзектілік және когнитивті бағыттардың рөлі ашылып сипатталған;

- когнитивтік, психолингвистикалық және социолингвистикалық тетіктерге негізделген тәжірибелік мәліметтерді сипаттау арқылы мәдениаралық қатысым мәселелерін зерттеу үшін жаңа тәсіл қолданылды;

- қазіргі заманғы қазақстандық қоғамның болмысы және өзге мәдениет тілдік тұлғасын қабылдаудың этникалық сипатының ерекшелігі туралы түсінік қалыптастыру тәсілдерін сипаттау мақсатында түрлі мәдениет өкілдерінің тілдік санасына мәдениаралық зерттеу жүргізілген;

- алғаш рет тілдің мәдениаралық қарым-қатынас жағдайында тілдің рөліне бағынышты болатын және мәдениаралық қарым-қатынастың сәттілігіне және сәтсіздігіне әсерін тигізетін лингвокогнитивті механизмдер анықталған

Худайбергенов Н.Д. Диссертация тақырыбы: «Қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтар». Тәуелсіздік тұсындағы қазақ прозасы қазіргі қоғамның шынайы келбетін, замандастарымыздың болмыс-бітімін дәл таныта алуымен ғана емес, өткен тарихқа ұлттық мүдде тұрғысынан әділ баға бере алуымен де құнды. Тоталитарлық жүйе тұсында айтылмай келген ақиқаттар әдебиеттің нысанына айналып, халықтың өзіне тән даралығы көркемдік санада қайта жаңғырды.

Сондай-ақ бүгінгі прозада әлемдік әдеби-мәдени үрдістердің белгілері байқалып отыр, қаламгерлер батыл эксперименттерге баруда. Белгілі бір шеңбердің аясында ғана ойлайтын әрі бүтін бітімі толыққанды ашыла қоймайтын кейіпкерлердің орнына ендігі ретте жан дүниесі мейлінше күрделі әрі басқаға ұқсай бермейтін өзгеше тұрпатты кейіпкер тұлғасы қалыптасты. Бұл сөз өнерінің аксиологиялық сипатының өзгергенін білдіреді. Қазіргі проза өткенді бағамдап, жаңаны сараптау жолымен дамып келеді әрі оның өзегінде тәуелсіздік, ел құндылықтары тұр деуге болады.

Диссертациялық жұмыста аталмыш мәселелер арнайы зерделеніп, көркем туындылардағы жалпыадамдық құндылықтар талдау нысанына алынды. Көркем мәтінді аксиологиялық тұрғыдан талдау, қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың өзіндік даралығын айқындау зерттеу жұмысының басты мақсаттарының бірі болды. Сонымен бірге мәселеге объективті түрде баға беру үшін тақырыптық-идеялық тұрғыдан да шығармалардың әртүрлі болуына назар аударылды.

Келесі жаңа нәтижелер алынды:

– қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың бастаулары ежелгі халықтық проза үлгілеріне барып тіреледі;

– ұлттық құндылықтар – жалпыадамдық құндылықтардың локальді түрлері;

– тарихи роман жанры ұлттық құндылықтарды танытуда басымдыққа ие;

– қазақтың дәстүрлі тұрмысын арқау еткен тарихи жанрдағы туындыларда этикалық, әлеуметтік, діни құндылықтар үстем болса, заманауи тақырыптағы шығармаларда экономикалық, танымдық құндылықтар биік қойылады;

– қазіргі қазақ прозасы қазақ халқының бүгінгі мультимәдени жаһаннан төл даралығын, тарихи-мәдени һәм концептуалдық бірегейлігін іздеп жатқанын, сондай-ақ әлемдік әдеби үрдістерге етене кірігіп, тәжірибе жинау мен толысу үстінде екендігін көрсетеді; аталмыш үрдіс өз кезегінде дәстүрлі және маргиналды мәдени типтегі кейіпкер болмысын қалыптастырды;

– қазіргі қазақ прозасында тәуелсіздік, қанағат, еркіндік құндылықтарына айрықша көп мән берілген.

Диссертациялық жұмыста қазіргі қазақ прозасындағы жалпыадамдық құндылықтардың өзіндік ерекшеліктері жөніндегі құнды пікірлер бір жүйеге топтастырылды. Соның нәтижесінде бүгінгі әдебиеттің беталысы бағамдалып, қазақ ұлтының өзіндік даралығын танытатын құндылықтар жүйесі айқындалды. Зерттеу жұмысы қазіргі қазақ прозасы мен құндылықтар туралы болашақта жүргізілетін ғылыми ізденістер үшін соны деректер беруімен бағалы.

Абиханова Г.Д. Диссертация тақырыбы: «Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары: дереккөздері, сюжеттері, текстологиясы». Қазақстан ғалымдары жүргізген ғылыми зерттеулер нәтижесінде Қытайдағы қандастарымыз жалпы этностық мәнге ие эпостық жырларды сақтап, олардың жаңа нұсқаларын жасаумен қатар Қазақстанда беймәлім жаңа жыр, дастандар туғызғаны анықталды. Бұл мәселеге арналған жеке мақалалар жазылғанымен Қытайдағы қазақ ғашықтық жырлары монографиялық зерттеу нысаны ретінде алынып отыр. Диссертациялық жұмыста отандық ғалымдардың қазақ эпосы туралы жасаған тұжырымдары қорытындылары сараланып, басшылыққа алынды. Қытайдағы қандастарымыздың эпикалық мұраларының жалпықазақтық ерекшеліктерімен қатар аймақтық спецификасы, басқа халықтар фольклоры ықпалының бар-жоғы айқындалып, талданып, сарапқа салынды. Осы жұмыс арқылы қоғамда шет жерде жүрген қазақтардың рухани мұрасына деген қызығушылық арттырылады.

Келесі жаңа нәтижелер алынды:

- Қытайдағы дәстүрлі романдық эпостар мен романдық дастандар тұңғыш рет жүйелі түрде, монографиялық деңгейде қарастырылды. Қытайдағы қазақтардың ғашықтық жырлары жүйеленіп, басым көпшілігі алғаш рет ғылыми айналымға қосылды, бүгінгі күн талабы тұрғысынан зерттейді;

- Қытайдағы ғашықтық жырларының бүгінге дейін жиналу, жариялану, зерттелу тарихының негізгі кезеңдері анықталып, алғаш рет тарихнамасы жасалды.

- Ғашықтық жырлардың жиналу тарихы саяси-әлеуметтік жағдайлармен, тарихи факті – деректермен салыстырыла, сабақтастырыла қарастырылуы – ғылыми еңбекте көтерілген мәселенің сонылығын, маңыздылығын, ауқымдылығын байқатады.

- Ғашықтық жырлардың сюжеттік ерекшеліктері анықталып, ондағы қолданылған мотивтер халықаралық сарындармен салыстырылып қарастырылды.

Жұмыс нәтижелерін жоғары оқу орындары студенттеріне арналған фольклортану саласы бойынша арнайы курстар мен семинар сабақтар жүргізгенде кеңінен пайдалануға болады.

Ахметова А.М. Диссертация тақырыбы: «XXI ғасырдағы (2000-2015 жж.) қазақ романындағы «Мәңгілік ел» концепті». Диссертациялық жұмыста «Мәңгілік ел» концепті баса көрінетін XXI ғасырдағы қазақ романдарының ішінде Қ.Мұқанбетқалидың «Тар кезен», Д.Досжанның «Ақ орда», Ә.Таразидің «Мұстафа Шоқай», Б.Нұржекеұлының «Әй, дүние-ай», Т.Зәкенұлының «Мәңгітас» және Н.Қуантайұлының «Қараөзек» романдары зерттеу нысанына алынды. Аталған концептіні тарихи тақырыпта жазылған туындылар дискурсынан қарастыру нәтижелі әрі нақты ғылыми тұжырымдар жасауға мүмкіндік береді. Өйткені «Мәңгілік ел» концепті түрлі тарихи көтерілістер мен оқиғаларды бастан өткізген қазақ халқының бостандыққа, тәуелсіз, еркін ел болуға ұмтылыстарын көрсететін ойтаным, көзқарас, түсініктерінің бейнелену жолдарын қамтиды. Сонымен қатар, ғаламның концептуалдық-көркемдік бейнесіндегі түркі, оның ішінде, қазақ халқының мәңгілік метафизикалық ұғымы мен мәңгілік, яғни тәуелсіз ел болу туралы көзқарастары сан қырынан көрініс тапқан.

Зерттеу жұмысында Қ.Мұқанбетқали, Д.Досжан, Ә.Тарази, Б.Нұржекеұлы, Т.Зәкенұлы және Н.Қуантайұлының туындыларындағы «Мәңгілік ел» концептінің когнитивтік модельдері және фрейм, субфрейм, скрипт, сценарий, символ, ассоциация, бейне т.б. концептілік типтері, сондай-ақ, аталған концепті өрісінде қарастырылатын бірнеше кілт сөздер (концептілер) айқындалады. Тарихи тақырыпта жазылған көркем туындылардың тұтас мәнмәтінінен «Мәңгілік ел» концептінің көркемдік мәні анықталады.

Келесі жаңа нәтижелер алынды:

– XXI ғасырдағы қазақ романдары әдебиеттануда когнитивтік аспектіде қарастырылды; – қазақ әдебиетіндегі «Мәңгілік ел» концепті өрісінде қарастырылатын ауқымды көркем-мифтік идеялар, бейнелер, ұғым-түсініктерді айқындап көрсетілді; – «Мәңгілік ел» концептінің көркем-эстетикалық, діни-мәдени, тарихи, философиялық және саяси негіздері жан-жақты пайымдалды.

– XXI ғасырдағы қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің ішкі концептілік құрылымдары – фрейм, схема, ойсурет, сценарий анықталды;

– 2000-2015 жылдар аралығында жарық көрген қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің түсінуге септесетін макроконцептілер айқындалды;

– қазіргі қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің сыртқы құрылымдары – метафора, символ, образ, кейіптеу, ассоциация, метонимия, теңеулер т.б. көрсетілді;

– XXI ғасырдың алғашқы ширегінде жарық көрген қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің құрайтын «Мәңгілік ел» – қазақ», «Мәңгілік ел» – халық билеушісінің әділдігі», «Мәңгілік ел» – атақоныстың азаттығы», «Мәңгілік ел» – білім, бірлігі нығайған ел», «Мәңгілік ел» – тәуелсіз ел» моделі», «Мәңгілік ел – ата-бабалар арманы», «Мәңгілік ел» – өркениетті ел», т.б. авторлық когнитивтік шартты-эстетикалық модельдер

зерттелді; – қазіргі қазақ романдарындағы «Мәңгілік ел» концептінің өзекті, тарихи, ассоциациялық қабаттары концептуалды талдау негізінде көрсетілді.

«Мәңгілік ел» ұғымының концепт категориясы ретінде алғаш рет диссертациялық зерттеу нысаны ретінде алынуы жұмысымыздың жаңалығын айқындайды.

Сайбекова Н.У. Диссертация тақырыбы: «Грамматологиялық парадигма: А.Байтұрсынұлы және қазақ жазу үлгісінің қалыптасуы». Көрнекті қазақ ғалымы, ұлт ұстазы, қоғам қайраткері Ахмет Байтұрсынұлы – қазақ тіл білімінің негізгі салалары туралы алғаш қалам тартқан ғалым. А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің теориялық және практикалық тұрғыдан негізін қалап, қазақ тіл білімінің арқауы саналатын грамматикалық құрылымның, ондағы категориялардың нақты ғылыми жүйесін жасаған, дыбыс жүйесінің басты ерекшеліктерін айқындап, сөз қабаттарының сипатын белгілеген. А.Байтұрсынұлы қазақ тілінің метатілін қалыптастырған.

X-XI ғасырлардан бастап қолданыста болған араб жазуы түркі халықтары тілдерінің ерекшеліктеріне сәйкестендірілмей, арабтарда қалай қолданылса, сол қалпында өзгеріссіз түркі тілдерінде де қолданылды. Ғасырлар бойы түркі халықтарының мәдени-рухани жағынан өркендеуіне негіз болған, ислам дінінің ілгерілей енуінің де басты тұғырына айналған араб жазуы екенінде шүбә болмасқа керек.

Келесі жаңа нәтижелер алынды:

- Қазақ тіл білімінде грамматология ғылымының негізін қалаған және қалыптастырған А.Байтұрсынұлы деп танылады;

- А. Байтұрсынұлы еңбектерінде алғаш рет грамматологияның негізгі метатілі жасалды және сараланды, дыбыс мен әріп, графема мен фонема, әр әріптің жазылу емшелері туралы тұңғыш ғылыми тұжырымдар жасалды;

- А.Байтұрсынұлы ұсынған араб әріптері негізінде жасалған төте жазу – қазақ тілінің төл табиғатына жақын жазу ретінде танылады. Бұл жазудың негізгі ғылыми теориясын «Әліпбиінде» келтіру арқылы ғалым тіліміздегі жазудың дыбыстық жазу болатыны туралы тұжырымын дәлелдеді;

- А.Байтұрсынұлы түзген емле тәртібі – қазақ грамматологиясы тарихындағы тұңғыш төл емле саналады.

- А.Байтұрсынұлының зерттеулерінде орфография мен орфоэпияның ерекшеліктері санамаланып, жазылу мен айтылудың басты ерекшеліктері тұңғыш рет қағида ретінде ұсынылды.

- төл дыбыстардың жіктелімін ғылыми-теориялық және практикалық тұрғыдан дұрыс көрсетіп, олардың арасындағы үндестік пен гармонияны, дыбыстардың бір-біріне ықпалдасуын ғылыми талдады;

- А.Байтұрсынұлы қазақ тіл білімінің грамматологиясы бойынша негізгі теориялық тұғыр қалыптастырушы көшбасшы екені дәлелденді.

Диссертациялық жұмыста қол жеткізген ғылыми нәтижелер А.Байтұрсынұлының грамматологиялық еңбектеріне деген жаңа ғылыми көзқарастың жетекші болуына жол ашады. А.Байтұрсынұлы тек төте жазудың авторы ретінде ғана қарастырылмай, жалпы қазақ грамматологиясының негізін қалаған, грамматологиялық ілімді қалыптастырған көшбасшы ретінде танылады. Ғалым тұңғыш рет грамматологиялық терминдерді жасаған және

қолданған, қалыптастырған деп танылады. А.Байтұрсынұлы жасаған қазақ тіліндегі дыбыс пен әріптің табиғаты туралы қағидалар мен дыбыстардың жазылу үлгісі, сөздердің және грамматикалық формалардың жазылу сипаты туралы емлелер күні бүгінге дейін өзінің өзектілігін сақтайды. Қазіргі таңда латынәліпбилі қазақ жазуына көшу кезеңінде А.Байтұрсынұлы жасаған грамматологиялық теория үлкен ғылыми маңызға ие. Сондықтан А.Байтұрсынұлы жасаған төл тіліміздің грамматологиялық теориясын қайтадан терең зерделеу өзінің өзектілігін, зәрулігін анық аңғартады.

Ху Явэй. Диссертация тақырыбы: «Особенности обучения русским этикетным речевым актам студентов-китайцев». Зерттеудің ғылыми жаңалығы қытай студенттерін орыс тілінде әдеп сөйлеу әрекеттеріне оқытудың лингвомәдениеттанымдық және прагмалингвистикалық негіздерін жүйелі және дәйекті түрде қарастырудан тұрады; құнды әдеп сөйлеу әрекеттері тіл мәдениеті тұрғысынан қарастырылып, олардың өзіндік жіктелуі берілді; қытай студенттерінің орыс тілін шетел тілі ретінде тиімді оқыту.

Келесі жаңа нәтижелер алынды:

- сөйлеу әрекеттері коммуникативтік үдерістің элементтері ретінде тілдік және мәнмәтіндік (әлеуметтік және психологиялық) айрықша сипаттамаларға ие;

- сөйлеу әдебін таратудың салалары белгілі бір этнотілдік қауымдастық үшін конвенциалды сөйлеу формулаларына, сонымен қатар үндеуге де тікелей әсер етеді;

- сөйлеу мінез-құлқының ерекшелігі ұлттық деңгейде анықталған;

- орыс лингвомәдениетіндегі үндеулер индуктивті түрде қарастырылады, яғни жақыннан (жекеден) қарым-қатынастың ресми мәнмәтініне, осыған сәйкес вокативтер келесі сызбанұсқа бойынша орналасқан: «туыстарға, достарға, жақын таныстарға үндеулер» – «сыпайы үндеулер» (коммуникативтік ара-қашықтықтың нығаюы) – «ресми үндеулер» – «дипломатиялық үндеулер»;

- қытай лингвомәдениетінде үндеулер коммуникативтік арақашықтықпен анықталған;

- қытай студенттерін сапалы даярлау үшін осындай әдістер мен тәсілдер, сондай-ақ зерттеу материалын игеру үшін өте тиімді болуы ықтимал материалды іріктеу қағидалары қажет. Біздің ойымызша олар ақпараттық-рецептивті, репродуктивті, мәселелік баяндамалық, эвристикалық және зерттеу (соңғысы жетекші рөл атқарған кезде) сияқты әдістер жүйесінің негізінде жүзеге асырылатын қағидалар болып табылады;

- тұжырымдамалау немесе білім алушылардың танымдық үдерістерін күшейтетін қажетті үдеріс, грамматикалық дағдыларын қалыптастыру және жетілдіру, сөйлеу дағдыларын дамыту сияқты кезеңдер қатарын бағамдайтын әдеп сөйлеу әрекеттерін оқыту технологиясы тиімді болып табылады.

- Қарым-қатынастар дағдылары немесе интерактивті дағдылар қазіргі тілдесу тәжірибесінде айтарлықтай маңызға ие. Олар көбінесе рөлдерді, өзара әрекеттесу стратегияларын және тактикаларын, жеке және топтық тілдесу стильдерін басқарумен байланысты;

- сыни ойлауды дамыту технологияларына негізделген тапсырмалар жүйесін қолдану арқылы жүзеге асырылатын, орыс тілі бойынша сабақтардың тақырыптық жоспарына органикалық түрде енгізілген, қытай студенттерінің прагматикалық коммуникативтік құзіреттілігін дамытуға бағытталған зерттеуде ұсынылған жұмыс әдістемесі орыс тілін оқытудың жалпы мәнмәтініне сәйкес келеді.

- сығылған-бұралған айналмалы бұрғылау штангасының қозғалысының көп параметрлік сипаты зерттелді. Барлық қарастырылған шекті жағдайлар үшін иілу тербелістерінің жалпы жіктемесі белгіленді және жуықталған шешімдердің дисперсиялық қисықтары құрылды. Сонымен қатар, сызықтық жағдай үшін жалпыланған функциялар теориясының аппаратын қолдана отырып, теңдеулерді шешу жүйесі құрылды. Табылған шешімдер штангалық құрылымдардың кернеулі күйін анықтауға, шоғырланған қуат көздерінің әсерін зерттеуге және кері шекаралық есептерді тиімді шешуге мүмкіндік береді;

- соңғы деформациялар жағдайы үшін бұрғылау штангасының иілу-бұралу тербелісі моделін модельдеуі және сандық талдауы жүргізілді. Деформациялар шамасына қатысты шектеулерді шешу арқылы шешімді нақтылайтын әзірленген модельдің тиімділігі белгіленді. Жүйе параметрлерінің тербеліс динамикасына әсері зерттелді;

- қиындататын факторларды ескере отырып бұрғылау штангасының сызықтық емес тербелістері модельденді. Күрделі факторлар ретінде деформациялардың шектелуі, бастапқы қисықтықтың болуы, бұрғылау бағанасының түбінің ерекшеліктері, ұңғыманың қабырғаларымен жанасуы қарастырылады. Талдау жүргізіліп, бұрғылау бағанының динамикасына осы факторлардың әсері анықталды;

- алдыңғы қарастырылған күрделендіретін факторлар үшін бұрғылау штангаларының қозғалысының геометриялық сызықты стохастикалық модельдері жасалды. Модельдердің сандық талдау жүргізіліп, жүйелік параметрлердің оның динамикасына әсері зерттеледі. Неғұрлым сенімді және нақты процестерге жақын нәтижелерді қалыптастыру үшін белгісіздіктерді ескеру қажеттілігі анықталды.

Диссертацияда күрделі жағдайларда кездейсоқтық пен деформацияның ақырлы факторларын ескере отырып жасалған бұрғылау штангаларының қозғалысының математикалық модельдері қазіргі заманғы ғылыми әдістер тұрғысынан инженерлік мәліметтерді нақтылау, қозғалыс қауіпті режимдерін жою үшін бұрғылау қондырғыларын қолданудың және басқа салаларында кеңінен қолданыла алады.

Диссертациялар тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы, 2-кестеде көрсетілген. Барлық диссертациялық жұмыстар Қазақстан Республикасының Үкіметі қаржыландыратын ғылыми жобалар аясында орындалды.

Диссертация тақырыбының "Ғылым туралы" Заңының 18-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия қалыптастыратын ғылымның даму бағыттарына және (немесе) мемлекеттік бағдарламалармен байланысы

№	Докторанттың Т.А.Ә.	Ғылыми бағдарламалар
1	Худайбергенов Нурбол Джумағалиевич	AP05131632 Қазіргі қазақ драматургиясындағы инновациялық ізденістер (1991-2016жж)
2	Ахметова Айнур Мырзағалиевна	B05236728 Қазақстан әдебиеті мен өнеріндегі «Мәңгілік ел» концепті» (2018-2020 жж.)
3	Сайбекова Назира Усенқызы	AP05131395 Әлемнің когнитивтік бейнесі: қазақ тіліндегі ұлттық кодтар» (2018-2020 жж.)

5. Диссертацияның рецензенттері филология, әдебиет теориясы, фольклортану және журналистика салаларында жұмыс істейтін жетекші ғалымдар болды, барлығының рецензияланған диссертацияларды зерттеу саласында кемінде 5 ғылыми еңбектері бар. Олар диссертациялық жұмыстардың зерттеу тақырыптарының өзектілігі мен олардың жалпы ұлттық бағдарламалармен байланысын, алынған нәтижелердің дәрежелер беру ережелеріне сәйкестігін, атап айтқанда дербестік, ішкі біртектілік, ғылыми жаңашылдық, нақтылық, тәжірибелік құндылық және академиялық адалдық қағидаларына мұқият талдау жүргізді.

Сапасыз пікірлер жоқ.

6. Ғылыми кадрларды даярлау жүйесін одан әрі жетілдіру жөніндегі ұсыныстар. Ұсыныстар жоқ.

7. Философия докторы (PhD), бейіні бойынша доктор дәрежесіне ізденушілердің мамандықтар (кадрларды даярлау бағыты) бойынша қаралған диссертациялар туралы деректер 3-кестеде келтірілген:

Кесте 3

	6D021400 - Әдебиеттану	6D020500 Филология	6D011800 – Орыс тілі мен әдебиеті;	6D074600 – Журналисти ка
Қорғауға қабылданған диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	3 / 0	1 / 0	1 / 0	2 / 0

Қорғаудан алынып тасталған диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-	-	-
Ресми рецензенттердің теріс пікірін алған диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-	-	-
Қорғау нәтижелері бойынша теріс шешім алған диссертациялар / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	-	-	-	-
Қорғалған диссертациялардың жалпы саны / оның ішінде басқа ЖОО докторанттарының	3 / 0	1 / 0	1 / 0	2 / 0

Диссертациялық кеңестің төрайымы

Джолдасбекова Б.У.

Диссертациялық кеңестің ғалым хатшысы

Даутова Г.Р.

